Зерттеудің методологиялық негізін жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістер құрайды. Талдау, синтез, индукция және дедукция әдістері гидротехникалық құрылыстардың құқықтық табиғатын, олардың экологиялық қауіпсіздікке ықпалын айқындауда қолданылды. Жүйелік тәсіл бұл нысандарды табиғи ресурстарды пайдалану, экологиялық құқық, энергетикалық қауіпсіздік және әлеуметтік тұрақтылықпен өзара байланыста кешенді қарастыруға мүмкіндік берді. Арнайы құқықтық әдістердің ішінде салыстырмалы-құқықтық талдау ұлттық құқықтық тәжірибені халықаралық стандарттармен салыстыруда пайдаланылды. Формальды-заңдық әдіс құқықтық мазмұнды ашуға, ал тарихи-құқықтық әдіс гидротехникалық құрылыстарды құқықтық реттеу тәжірибесінің қалыптасуы мен даму эволюциясын зерделеуге негіз болды. Эмпирикалық база ретінде ғылыми еңбектер, монографиялар, мерзімді басылымдардағы мақалалар, статистикалық деректер және халықаралық ұйымдардың баяндамалары пайдаланылды.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайында гидротехникалық құрылыстарды құқықтық қамтамасыз ету қағидалары алғаш рет жүйелі түрде қарастырылуымен айқындалады. Жұмыста гидротехникалық

нысандардың экологиялық құқықпен, табиғи ресурстарды басқарумен және тұрақты даму ұстанымдарымен байланыстағы теориялық-құқықтық негіздері ашып көрсетіледі. Мақалада ұлттық құқықтық жүйедегі олқылықтар мен қайшылықтар анықталып, алдын алу, су ресурстарын ұтымды пайдалану, ашықтық және халықаралық ынтымақтастық қағидаларына негізделген кешенді құқықтық режимді қалыптастырудың жаңа тәсілдері ұсынылады. Алынған нәтижелер экологиялық және су құқығы теориясының дамуына үлес қосып қана қоймай, ұлттық заңнаманы жетілдіру мен гидротехникалық құрылыстардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық шараларды әзірлеуде қолданбалы маңызға ие.

Мақаланың практикалық маңызы: зерттеу нәтижелері тек ғылыми салада ғана емес, сонымен қатар қолданбалы қызметте де пайдаланылуы мүмкін. Жұмыста ұсынылған тұжырымдар гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қорғау саласындағы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге, экологиялық қауіпсіздік саласында мемлекеттік органдарға ұсынымдар әзірлеуге, сондай-ақ суға байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын төмендетудің тиімді тетіктерін қалыптастыруға негіз бола алады. Бұдан бөлек, алынған нәтижелер экологиялық және су құқығы бойынша мамандарды даярлау үдерісінде қолданылып, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және практикалық міндеттерді шешуге дайын болуына ықпал етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Заманауи жағдайда гидротехникалық құрылыстар табиғи және жасанды су жүйелеріндегі ағынды суларды реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын аса маңызды стратегиялық инженерлік нысандардың бірі болып табылады. Олар гидрология, экология және энергетика салаларының тоғысында орналасып, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге елеулі үлес қоса отырып мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуында өзіндік қызмет атқарады. Мұндай құрылыстардың негізгі міндеттері мен функционалдық бағыттары әртүрлі салаларды қамтиды: су тасқындарының алдын алу және олардың зиянды салдарларын жою; ауыл шаруашылығы жерлерін суландыру және өнімділікті арттыру мақсатында суды жеткізу мен бөлу; электр энергиясын өндіру арқылы энергетикалық қауіпсіздікті нығайту; тұрмыстық және өндірістік секторлардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; қоршаған ортаны қорғау және су экожүйелерін тұрақты пайдалану. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибеде гидротехникалық құрылыстар кеме қатынасы үшін инфрақұрылымдық жағдай жасайды және халықтың рекреациялық қажеттіліктерін – шомылу, су айдындарында демалу сияқты қызметтерді – қамтамасыз етеді [1].

Сонымен, гидротехникалық құрылыстар көпмақсатты функцияларды атқарады: олар бөгеттер, каналдар мен су қоймалары арқылы су тасқынынан қорғануды қамтамасыз етеді; жаңартылатын энергияның жетекші көзі болып табылатын гидроэнергетиканың негізін құрайды; ауыл шаруашылығы тәуелді суару жүйелерін қалыптастырады; тұрмыстық және өнеркәсіптік қажеттіліктерді қанағаттандырып, судың сапа стандарттарына сай болуын талап етеді; топырақ эрозиясымен күресу, су сапасын жақсарту және биологиялық әртүрлілікті қорғау арқылы қоршаған ортаны қорғауға ықпал етеді; өзен ағыстарын реттеу мен шлюздер салу арқылы ішкі су көлігінің дамуына жағдай жасайды. Осылайша, гидротехникалық құрылыстар экономикалық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерді ұштастыра отырып, су шаруашылығы инфрақұрылымының негізгі элементі болып табылады.

Көптеген бөгеттері бар елдер үшін олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі айрықша өзекті сипатқа ие. Бүгінде әлем бойынша әртүрлі түрдегі 800 мыңнан астам бөгет бар, олардың шамамен 50 мыңының биіктігі 15 метрден асады [2, 26 б.]. Жиналған деректер осындай ірі көлемдегі бөгеттердің мыңнан астамының бүлінгенін және жүзден астамының қирағанын айғақтайды. Осыған байланысты бөгеттердің (су қоймаларының) және өзге де су тоскауылдаушы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттеу аса маңызды қажеттілікке айналып отыр. Қазақстан да бұл мәселелерден тыс қалған жоқ. Қазіргі таңда республика аумағында 270 су қоймасы мен оларды қамтитын гидротехникалық құрылыстар бар, оның ішінде 62-сі – республикалық маңызы бар, ал 208-і – жергілікті маңызы бар нысандар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында 57 су қой-

масы мен 29 су тосқауылдаушы гидротехникалық құрылыс ерекше стратегиялық маңызы бар объектілер тізбесіне енгізілген [3].

Қазақстандағы су тасқындары билік ұзақ уақыт бойы назар аудармай келген бірқатар өзекті мәселелерді айқын көрсетті. Қазақстан Республикасында су ресурстарын ұтымсыз пайдалану жиі орын алуда. Болашақта су ресурстарына деген тапшылық болу мәселесі негізгі себептер климаттың өзгеруі салдарынан өзендердің тартылуы су ресурстарының сапасы төмендеуі мүмкін [4].

Соңғы жылдары республикада жөндеуді қажет ететін гидротехникалық құрылыстардың (ГТҚ) саны 1,5 есеге артқан. «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы» заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес, 2017 жылдың мамыр айында қанағаттанарлықсыз жағдайда 347 ГТҚ тіркеліп, олардың барлығы жөндеуді талап ететіні ресми түрде мойындалған. Алайда арада алты жыл өткен соң, 2023 ж. проблемалық нысандардың саны азаймай, керісінше 537 ГТҚ-ға дейін өскені байқалды. Бұл деректерді Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Су ресурстары және ирригация министрлігінің (СРИМ) ақпаратына сілтеме жасай отырып, ресми түрде жариялады. Гидротехникалық құрылыстардың жағдайын бақылау мәселесі, әсіресе жеке меншіктегі нысандарға қатысты, әлі де өзекті болып отыр [5].

Соның айқын мысалы – Ақтөбе облысынан. Тексеру нәтижесінде белгілі болғандай, 10 жыл бұрын кәсіпкерге балық шаруашылығын жүргізу үшін сенімгерлік басқаруға берілген су қоймасының Магажан бөгетіне осы уақыт аралығында тиісті көңіл бөлінбеген. Бөгетке тексеру жүргізілмеген, жөндеу жұмыстары атқарылмаған. Салдарынан ағымдағы жылдың 5 сәуірінде бөгет жарылып, Хромтау ауданындағы үш ауыл мен Ақтөбе қаласы маңындағы саяжай алқаптарын су басты. Қазір Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің деректеріне сәйкес, жауапты ЖШС басшысына қатысты өз міндеттеріне немқұрайлы қарау және ауыр салдарға жол беру фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды [6].

2024–2030 жылдарға арналған су ресурстарын басқаруды дамытудың тұжырымдамасында Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жинақталған негізгі мәселелердің барлығы қамтылған. Құжатта еліміздегі су шаруашылығы нысандарының нақты тозу деңгейі 60 пайыздан асатыны атап өтіледі. Көптеген гидротехникалық құрылыстар 30–50 жылдан астам уақыт бойы күрделі жөндеусіз пайдаланылып келеді және олар жоғары қауіпті нысандар қатарына жатады. Тұжырымдамада: «Су шаруашылығы инфрақұрылымын реконструкциялау және дамыту жобаларын іске асырудың тиімділігі төмен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары, шешім қабылдау тетігі күрделі әрі бюрократиялық сипатқа ие» деп көрсетілген. Су шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелердің бірі – су заңнамасында бөгеттердің қауіпсіздігіне қатысты арнайы заңның болмауы. Бұл жағдай көпфакторлы зерттеулерді жүйелі түрде ұйымдастыруға, гидротехникалық құрылыс нысандарының қауіпсіздік өлшемдерін нақты айқындап, тиімді бақылауға кедергі келтіреді. Соның салдарынан мұндай нысандардың техникалық жағдайын кешенді тексеру толыққанды жүргізілмей отыр. Бұл өз кезегінде елдегі су шаруашылығы инфрақұрылымының нақты жай-күйі туралы статистикалық деректердің толық әрі дұрыс қалыптасуына мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, Қазақстанда су шаруашылығы инфрақұрылымының есебі де толық көлемде жүргізілмей келеді [7].

Байқағанымыздай гидротехникалық құрылыстар тек Қазақстан Республикасы үшін емес әлемдік деңгейдеде де маңызды орынды иеленеді. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі қоршаған ортаның сақталуына яғни экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге себеп бола алатын әлеуетке ие. Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылдыстардың қызметінің пайдалану ережелерінің жүйесіз болуы мүдделердің қайшылықтарының болуымен байланыстыруға болады. Себебеі, тәуелсіздік алған уақыттан бастап осы уақытқа дейін жеке меншікке өтіп кеткен гидротехникалық құрылыстар да бар. Ал олардың қауіпсіздігі мен сапасына мемлекет араласа бермейді. Тұжырымдаманың өзінде алдағы уақытта арнайы заң қабылдануы керек деген міндеттер айқындалған болса ол заң актісі гидротехникалық құрылыстарды пайдалану кезінде басшылыққа алынуы тиіс экологиялық қауіпсізді талаптарына сәйкес келетін қағидаларды да қамтуы тиіс екенін ескерген жөн.

Гидротехниалық құрылыстардың маңыздылығына әсер еткен алғашқы халықаралық акт ол Хельсинки конвенциясы болды. 1992 жылғы Хельсинки конвенциясы – трансшекаралық су көздерін және халықаралық көлдерді қорғау мен тиімді пайдалану жөніндегі маңызды

халықаралық-құқықтық құжат болып табылады. Бұл конвенция тікелей гидротехникалық құрылыстарды (ГТҚ) жобалау немесе пайдалану мәселелерін реттемегенімен, трансшекаралық өзендер мен су нысандарындағы мұндай инфрақұрылымдардың салынуы мен қолданылуына қатысты бірқатар өзекті қағидаларды қамтиды. Атап айтқанда, конвенцияда бекітілген «елеулі зиян келтірмеу» қағидасына сәйкес, әрбір мемлекет өз аумағында жүргізілетін кез келген қызмет, соның ішінде бөгеттер, су қоймалары мен басқа да ГТҚ салу мен пайдалану көршілес мемлекеттерге экологиялық немесе әлеуметтік жағынан зиян келтірмеуге міндетті. Сонымен қатар, құжат трансшекаралық мәні бар ірі жобаларға қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) жүргізуді, су ресурстарын бірлесіп басқару органдарын құруды және апатты жағдайларда үйлестірілген іс-қимылды қамтамасыз етуді көздейді. Бұл ережелер Орталық Азия өңірі үшін өзекті, өйткені мұнда трансшекаралық өзендер энергетика, ирригация және ауызсу мақсатында кеңінен пайдаланылады. Осылайша, Хельсинки конвенциясы ГТҚ қауіпсіздігі мен тұрақты су пайдалану саласында мемлекетаралық ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалыптастырады [8]. Еліміз су ресурстарын ұтымды және тұрақты пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындай отырып, 1992 жылғы Хельсинкиде қабылданған Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі БҰҰ конвенциясына қосылды. Бұл құжат Қазақстан Республикасы Парламентінің 2000 жылғы 23 қазандағы № 92-II Заңы арқылы ратификацияланып, 2001 жылдан бастап күшіне енді. Осы арқылы Қазақстан трансшекаралық су ресурстарын басқару бойынша халықаралық құқықтық кеңістікке белсенді түрде кірікті [9]. Конвенцияға қосылғаннан кейін ел ішінде бірқатар кешенді шаралар қабылданды. Атап айтқанда, Орталық Азиядағы Межмемлекеттік су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы (МСШҮК) шеңберінде Сырдария мен Әмудария өзендерінің алаптарын бірлесіп басқару жұмыстары жандандырылды. Сонымен қатар, су тасқыны, апаттық жағдайлар және гидротехникалық құрылыстардағы қауіптер туралы деректермен жедел алмасу тетіктері құрылды. Ерекше назар трансшекаралық әсері бар жобаларға қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) процесіне аударылды: Шу мен Талас өзендері бойынша Қазақстан мен Қырғызстан арасында жүзеге асырылған пилоттық жоба Еуропалық экономикалық комиссия (ЕЭК ООН) тарапынан озық тәжірибе ретінде танылды (UNECE, 2015). Бұған қоса, Қазақстан климаттың өзгеруіне бейімделу және су дипломатиясы салаларындағы БҰҰ ДБ және Еуропалық Одақ жобаларына қатысып, трансшекаралық ресурстарды тиімді басқаруға бағытталған бастамаларды қолдады. 2024 ж. қабылданған су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 қаулысы) Конвенция нормаларын ұлттық деңгейде институционализациялаудың маңызды кезеңіне айналды. Бұл қадамдардың барлығы Қазақстанның халықаралық су саласындағы жауапты әріптес ретіндегі ұстанымын нығайтып, геосаяси және климаттық сын-қатерлер жағдайында трансшекаралық су ресурстарын тұрақты басқаруға деген ұмтылысын көрсетеді.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тағы бір халықаралық құрал ол ICOLD (Ірі бөгеттер жөніндегі халықаралық комиссия) әзірлеген бөгеттердің қауіпсіздігі жөніндегі тәжірибе кодексі. ICOLD (Ірі бөгеттер жөніндегі халықаралық комиссия) әзірлеген бөгеттердің қауіпсіздігі жөніндегі тәжірибе кодексі – ірі бөгеттер мен басқа да гидротехникалық құрылыстарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық деңгейде танылған қағидалар мен ұсынымдардың жиынтығы болып табылады [10, 307 б.].

Бұл құжат халықаралық-құқықтық акт болып саналмағанымен, көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, техникалық стандарт және ұлттық нормативтік-құқықтық базаның негізі ретінде кеңінен қолданылады. Бөгеттің бүкіл өмірлік циклын қамтиды: жобалау, салу, пайдалану және пайдаланудан шығару кезеңдерін. Құжатта геологиялық, гидрологиялық, сейсмологиялық және климаттық факторларды жан-жақты есепке алу арқылы тәуекелдерді кешенді бағалаудың маңыздылығы атап өтіледі [11, 210 б.].

Ерекше назар инженерлік зерттеулерге, құрылыс сапасын бақылауға, құрылымның жағдайын тұрақты мониторингілеуге және мерзімді тексерулер жүргізуге аударылады. Бұйрықтың маңызды бөлігі – бөгеттің бұзылу қаупі туындаған жағдайда ерте ескерту және әрекет ету жүйесін әзірлеу мен енгізу. ICOLD сондай-ақ техникалық қадағалауды жетілдіру, қашықтықтан мониторинг құралдарын қолдану және мамандарды даярлау мен қайта даярлау жүйесін да-

мыту қажеттілігін ұсынады. Қауіпсіздік тек бір реттік шара емес, үздіксіз жүретін үдеріс ретінде қарастырылады. Ол тиісті органдардың өзара іс-қимылын және жаңа технологиялар мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, нормативтердің үнемі жаңартылуын талап етеді. Осылайша, ICOLD кодексі бөгеттердің қауіпсіздігін басқарудың тиімді және жауапты жүйесін қалыптастыруға бағытталған халықаралық бағдар ретінде қызмет атқарады және апаттардың алдын алуға, адам өмірін, экожүйені және мүлікті қорғауға септігін тигізеді [12].

Ендігі мәселе гидротехникалық құрылыстардың экологиялық аспектелеріне тоқталатын болсақ климаттың өзгеруі су ресурстарына тікелей әрі елеулі ықпал ететінін атап өтуге болады, оның салдары қазіргі уақытта-ақ байқала бастады. Алдағы жылдары елді мекендердің басым бөлігінде су тасқындары мен құрғақшылықтың жиілеп, күшейе түсуі, су тапшылығының артуы, топырақ эрозиясының күшеюі мен шөгінділердің көбеюі, сондай-ақ теңіздер мен өзендердің деңгейінің өзгеруі табиғи экожүйелерге де, су сапасына да теріс әсерін тигізетіні сөзсіз. Сонымен қатар климаттық өзгерістер тек су қорларына ғана емес, сонымен бірге адам денсаулығына, ұлттық экономика мен қоғамның әлеуметтік жағдайына, ауыл шаруашылығы өндірісіне, энергетика мен гидроэнергетика саласына, сондай-ақ туризм мен өзге де суға тәуелді салаларға да ықпал ететіні анық [13, 345 б].

Адам санының өсуі, экономикалық дамудың жеделдеуі, климаттың өзгеруі және электр энергиясына қолжетімділіктегі алшақтықты жою қажеттілігі жаңа жаңартылатын энергия көздерін іздеуді жандандыруда [14, 12531 б.]. Осы қажеттілікке жауап ретінде қазіргі уақытта гидроэнергетиканы дамытуға бағытталған ауқымды жаңа бастамалар қолға алынуда. Қазіргі таңда қуаты 1 МВт-тан асатын кемінде 3700 ірі су қоймасы бар бөгет жоспарлану немесе салыну үстінде, олардың басым бөлігі дамушы экономикалары бар мемлекеттерде жүзеге асырылуда. Бұл бөгеттердің іске қосылуы жаһандық гидроэнергетикалық қуатты қазіргі деңгейден 73 %-ға ұлғайтып, шамамен 1700 ГВт-қа жеткізуі болжануда. Алайда гидроэнергетикалық әлеуеттің мұндай қарқынды артуы да электр энергиясына деген өсіп келе жатқан сұранысты толық өтей алмайды. Сонымен қатар ол электр энергиясына қолжетімділіктегі алшақтықты тек ішінара қысқартуы мүмкін, парниктік газдардың (көмірқышқыл газы мен метан) шығарындыларын айтарлықтай азайтпайды және әлеуметтік шиеленістер мен өзара тәуелділіктерді жоймайды. Сол мезетте мұндай құрылыс толқыны ғаламшарымызда еркін ағатын ірі өзендердің санын шамамен 21%-ға қысқартатыны анық. Демек, қазіргі әлемдік ауқымдағы бөгет салу үрдісінің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарын кешенді бағалау және оларды барынша жұмсарту аса өзекті міндет болып табылады [15, 16 б.]. Демек, гидротехникалық құрылыстарды жаңартылатын энергия көздерін алуға деген әлеуеті бар екенін атап өткіміз келеді. ГТҚ ұтымды тұстары болғанымен елімізде су шаруашылығы саласының мәселелері де жетерлік. Нақты айтатын болсақ, Қазақстан Республикасының су шаруашылығы бірқатар күрделі мәселелермен сипатталады. Ең алдымен, ел су ресурстары бойынша көрші мемлекеттерге, әсіресе Қытай мен Ресей аумақтарынан келетін трансшекаралық ағындарға тәуелді болып отыр, ал соңғы жылдары бұл елдер өзендерге түсетін ластаушы заттардың көлемін ұлғайтып, су алудың деңгейін арттыруда [16, 46 б.]. Сонымен қатар, су шаруашылығы инфрақұрылымының айтарлықтай тозуы, басқару жүйесінде автоматтандыру мен цифрландырудың жеткіліксіздігі салдарынан суармалы егіншілікте судың шамамен 40 пайызы ысырапқа ұшырайды. Бұған қоса, трансшекаралық су ресурстарын пайдалану тиімділігінің төмендігі, сондай-ақ суды ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды іске асырудағы бақылаудың әлсіздігі де негізгі проблемалардың қатарын құрайды [17, 10 б.].

Ұсынылып отырған зерттеулер көрсеткендей гидротехникалық құрылыстарды пайдалану кешенді түрде реттеуді талап етеді. Оны тех техникалық тұрғыдан ғана емес сонымен осы технологияны қауіпсіз қолдануды қамтамасыз ететін бастапқы фундаменталды идеялар негізінде іске асырылуы тиіс. Сол себептен де гидротехникалық құрылыстарды мемлекеттік құқықтық реттеудің қағидалары жасақталуы керек. Ол қағидалар қатарына келесілер жатқызылады:

1. Заңдылық қағидасы. Мемлекеттік-құқықтық реттеудің басты негізі – заңдылықты сақтау. Барлық су шаруашылығы ұйымдары мен жеке меншік субъектілер Су кодексі, Экологиялық кодекс, және Техникалық реттеу туралы заң талаптарын бұлжытпай орындауға міндетті. Гидротехникалық құрылыстарды салу, пайдалану және жою тек уәкілетті органдардың рұқсатымен және бекітілген техникалық регламенттерге сай жүзеге асуы тиіс.

2. Қауіпсіздік және алдын алу қағидасы. Бұл қағида ГТҚ-ның апатты жағдайларын болдырмауға бағытталған. Құрылыстардың техникалық жай-күйін жүйелі бақылау, диагностика және профилактикалық жөндеу жұмыстарының жүргізілуі міндетті. Мемлекет апатты тәуекелдерді азайту мақсатында гидротехникалық нысандарды қауіп-қатер деңгейі бойынша жіктеуді және әр нысан үшін қауіпсіздік паспортын енгізуді қарастырады.

3. Экологиялық тұрақтылық қағидасы. Гидротехникалық құрылыстарды пайдалану қоршаған ортаға зиян келтірмеуі керек. Су экожүйелерінің табиғи айналымы мен биологиялық әртүрлілікті сақтау талаптары басымдыққа ие. Әрбір нысан бойынша экологиялық мониторинг және әсерді бағалау (ОВОС) тұрақты жүргізілуі тиіс.

4. Жауапкершілік және ашықтық қағидасы. Пайдаланушы ұйымдар мен мемлекеттік органдардың қызметі ашықтыққа және есептілікке негізделуі қажет. Құрылыс иелері мен пайдаланушылар апат немесе экологиялық залал болған жағдайда материалдық және әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, қоғамды ақпараттандыру және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуы реттеу сапасын арттырады.

5. Ғылыми негізділік және инновация қағидасы. ГТҚ қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ғылыми зерттеулер мен жаңа технологияларды қолдану маңызды. Заманауи цифрлық мониторинг жүйелері, дрондық бақылау, автоматтандырылған ескерту платформалары және деректердің геоақпараттық жүйелерін енгізу мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттырады.

6. Халықаралық ынтымақтастық қағидасы. Қазақстанның трансшекаралық өзендерге тәуелділігі гидротехникалық құрылыстарды пайдалану кезінде халықаралық нормаларды сақтауды қажет етеді. Бұл тұрғыда көршілес мемлекеттермен (Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Ресей) су бөлу, қауіпсіздік және экологиялық жауапкершілік саласындағы келісімдер шешуші рөл атқарады.

Қорытынды

Гидротехникалық құрылыстарды (ГТҚ) пайдалануды мемлекеттік-құқықтық реттеу – бұл су шаруашылығының қауіпсіз әрі тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған көпқырлы, кешенді және үздіксіз процесс. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы гидротехникалық құрылыстардың құқықтық реттеу жүйесі заңнамалық тұрғыдан қалыптасқанымен, оны одан әрі жетілдіру қажеттілігі анықталды. Себебі, қазіргі уақытта елдегі су нысандарының айтарлықтай бөлігі тозған, ал құқықтық және техникалық бақылау тетіктері жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылып отыр.

Қазақстан Республикасындағы гидротехникалық құрылыстардың (ГТҚ) пайдалануды мемлекеттік құқықтық реттеу қағидалары қазіргі кезеңде аса өзекті әрі кешенді мәселе болып отыр. Гидротехникалық құрылыстарды пайдалануды мемлекеттік-құқықтық реттеу қағидалары – бұл гидротехникалық нысандарды (бөгеттер, су қоймалары, каналдар, су реттегіштер және т.б.) жобалау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік ықпал ету жүйесінің ғылыми және нормативтік негізін айқындайтын, құқықтық реттеудің мазмұнын, бағытын және әдістерін белгілейтін негізгі құқықтық ұстанымдар мен талаптар жиынтығы. Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл қағидалар су ресурстарын басқарудың құқықтық режимін қалыптастыруда жүйелілік пен үйлесімділікті қамтамасыз ететін, экологиялық қауіпсіздік, апаттық тәуекелдерді азайту және қоғамдық мүддені қорғау мақсатында мемлекеттік билік органдарының, меншік иелерінің және пайдаланушылардың өзара қатынасын реттейтін тұрақты құқықтық категория болып табылады. Олар құқықтық жүйенің жалпы қағидаларымен (заңдылық, жауапкершілік, жариялылық, тиімділік) қатар, су шаруашылығы саласының ерекшеліктеріне бейімделген салалық қағидалармен (қауіпсіздік, экологиялық тұрақтылық, ғылыми негізділік, халықаралық ынтымақтастық, цифрлық мониторинг) толықтырылады. Осылайша, гидротехникалық құрылыстарды пайдалануды мемлекеттік-құқықтық реттеу қағидалары – құқықтық саясаттың концептуалдық өзегі, ол су нысандарының қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және халықтың өмірі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін нормативтік-ұйымдастырушылық бағдарлар жүйесі ретінде қарастырылады.

Климаттық өзгерістердің үдеуі, су тұтынудың артуы, қолданыстағы инфрақұрылымның тозуы, сондай-ақ трансшекаралық су ағындарына тәуелділік жағдайында құқықтық реттеуді жетілдіру мемлекеттің стратегиялық міндетіне айналды. Осыған байланысты құқықтық саясат пен тәжірибеде басшылыққа алынуы тиіс бірқатар қағидалар айқындалады. Бірінші кезекте сақтандыру мен алдын алу қағидасы маңызды орын алады. Бұл қағида ықтимал экологиялық қатерлерді болдырмауды құрылыс пен жобалау сатысында қамтамасыз етуді талап етеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, қазіргі таңда гидротехникалық құрылыстарды реттеу саласында институционалдық үйлесімділіктің болмауы, ведомствоаралық өзара әрекеттің әлсіздігі, және бақылау-қадағалау функцияларының қайталануы байқалады. Бұл факторлар құқықтық жүйенің тиімділігін төмендетіп, апаттық тәуекелдерді арттырады. Осыған байланысты, нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу, жауапкершілік институтын күшейту және су ресурстарын басқарудың бірыңғай цифрлық платформасын құру қажет.

Сонымен қатар, гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мәселесінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және қоғамдық бақылау институттарының рөлін арттыру маңызды. Бұл қатысу тетіктері құқықтық реттеу процесін ашық әрі тиімді етеді. Су нысандарының жағдайы туралы ақпараттың ашық болуы қоғам тарапынан бақылауды күшейтіп, жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

Қорытындылай келе, гидротехникалық құрылыстарды пайдалануды мемлекеттік-құқықтық реттеу қағидалары тек заңдық нормалар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздік пен экологиялық тұрақтылықтың кепілі болып табылады. Олар ғылыми негізделген, инновациялық, халықаралық және экологиялық талаптарды біріктіретін көпдеңгейлі құқықтық жүйенің өзегін құрайды. Болашақта Қазақстанда су ресурстарын басқарудың тиімді тетігін қалыптастыру үшін осы қағидаларды тәжірибеге толық енгізу, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұлттық стратегиясын қабылдау және нормативтік-құқықтық базаны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажет. Бұл елдің экологиялық қауіпсіздігін нығайтып, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудің маңызды қадамы болмақ.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын AP26193915 «Тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді құқықтық реттеу» гранттық жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Выставкина Е.В. Назначение гидротехнических сооружений // Colloquium-journal. – 2022. – № 9(132). – С. 37–38.

2 Мукашева А.А. Место субъективных водных прав в системе прав граждан // Құқық және мемлекет. – 2014. – № 33(64). – С. 25–28.

3 Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулысы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000933 (өтініш берілген күн: 20.05.2025)

4 Akhmet G.B., Bekezhanov D.N., Seriyev B.A. International legal regulation of principles in the field of climate protection // Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. 2024. Vol. 3. No. 78. P. 94–101.

5 Атшабаров Н.Б. Вопросы обеспечения безопасной эксплуатации плотин и других гидротехнических сооружений в Республике Казахстан. URL: https://www.cawater-info.net/bk/dam-safety/files/atshabarov.pdf (дата обращения: 24.05.2025).

6 От паводков не защитят: треть гидротехнических сооружений в РК находятся в неудовлетворительном состоянии. URL: https://ranking.kz/reviews/industries/ot-pavodkov-ne-zaschityat-tret-gidrotehnicheskih-sooruzheniy-v-rk-nahodyatsya-v-neudovletvoritelnom-sostoyanii.html (дата обращения: 21.06.2025)

7 Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 қаулысы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000066 (өтініш берілген күн: 25.06.2025).

8 Конвенция по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер. 17 марта 1992 года. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/watercourses_lakes.shtml (дата обращения: 27.06.2025).

9 Қазақстан Республикасының Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылуы туралы Заңы 2000 жылғы 23 қазан 94-II. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000094_/links (өтініш берілген күн: 28.06.2025).

10 Brown C., Lall U. Water and economic development: The role of variability and a framework for resilience. Natural Resources Forum. 2006. Vol. 30. No. 4. P. 306–317.

11 Pettersson K. Dam safety: the impact of extreme weather and climate change // International Journal of Water Resources Development. 2012. Vol. 28. No 2. P. 209–218.

12 Бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 156-НҚ бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012660/links (өтініш берілген күн: 08.07.2025)

13 Сейтбекова Г.А., Ауелбекова А.Y., Азімбай К.Е. Су ресурстарының экологиялық жағдайы // European Research Materials. – 2024. – № 6. – 344–345 б.

14 Richards T., Gibson R. Dam safety management: international practices and future challenges // Journal of Flood Risk Management. 2019. № 12 (S1). P. e12531.

15 Zarfl C., Lumsdon A.E., Berlekamp J., Tydecks L., Tockner K. A global boom in hydropower dam construction // Aquatic Sciences. 2015. No. 77. P. 161–170.

16 Кусмамбетов К.Д. Опыт управления водными ресурсами в Европейском союзе // Наука и жизнь Казахстана. – 2019. – № 7/1. – С. 560–562.

17 Беков К.А., Вартанян А.М. Правовые основы Водного кодекса Республики Казахстан // Eurasian Scientific Journal of Law. – 2023. – № 4(5). – С. 7–18.

REFERENCES

1 Vystavkina E.V. (2022) Naznachenie gidrotehnicheskih sooruzhenij // Colloquium-journal. No. 9 (132). P. 37–38. (In Russian).

2 Mukasheva A.A. (2014) Mesto sub#ektivnyh vodnyh prav v sisteme prav grazhdan // Qūqyq zhäne memleket. No. 33 (64). P. 25–28. (In Russian).

3 Erekşe strategialyq mañyzy bar, onyñ ışında jalğa jäne senımgerlık basqaruğa berılu mümkın su şaruaşylyğy qūrylystarynyñ tızbesı turaly Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2017 jylğy 29 jeltoqsandağy No. 933 qaulysy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000933 (ötınış berılgen kün: 20.05.2025) (In Kazakh).

4 Akhmet G.B., Bekezhanov D.N., Seriyev B.A. (2024) International legal regulation of principles in the field of climate protection // Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Vol. 3. No. 78. P. 94–101. (In English).

5 Atshabarov N.B. Voprosy obespechenija bezopasnoj jekspluatacii plotin i drugih gidrotehnicheskih sooruzhenij v Respublike Kazahstan. URL: https://www.cawater-info.net/bk/dam-safety/files/atshabarov.pdf (data obrashhenija: 24.05.2025) (In Russian).

6 Ot pavodkov ne zashhitjat: tret' gidrotehnicheskih sooruzhenij v RK nahodjatsja v neudovletvoritel'nom sostojanii. URL: https://ranking.kz/reviews/industries/ot-pavodkov-ne-zaschityat-tret-gidrotehnicheskih-sooruzheniy-v-rk-nahodyatsya-v-neudovletvoritelnom-sostoyanii.html (data obrashhenija: 21.06.2025) (In Russian).

7 Qazaqstan Respublikasynyñ su resurstaryn basqaru jüiesın damytudyñ 2024–2030 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly. Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2024 jylğy 5 aqpandağy No. 66 qaulysy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000066 (ötınış berılgen kün: 25.06.2025) (In Kazakh).

8 Konvencija po ohrane i ispol'zovaniju transgranichnyh vodotokov i mezhdunarodnyh ozer. 17 marta 1992 goda. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/watercourses_lakes.shtml (data obrashhenija: 27.06.2025) (In Russian).

9 Qazaqstan Respublikasynyñ Şekaraaralyq su arnalary men halyqaralyq kölderdı qorğau jäne paidalanu turaly konvensiağa qosyluy turaly Zañy 2000 jylğy 23 qazan 94-II. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000094_/links (ötınış berılgen kün: 28.06.2025) (In Kazakh).

10 Brown C., Lall U. (2006) Water and economic development: The role of variability and a framework for resilience. Natural Resources Forum. Vol. 30. No. 4. P. 306–317. (In English).

11 Pettersson K. (2012) Dam safety: the impact of extreme weather and climate change // International Journal of Water Resources Development. Vol. 28. No 2. P. 209–218. (In English).

12 Bögetterdı deklarasialanatyn bögetterge jatqyzu kriterilerın aiqyndaityn qağidalardy jäne Bögettıñ qauıpsızdıgı deklarasiasyn äzırleu qağidalaryn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Su resurstary jäne irigasia ministrınıñ 2025 jylğy 27 mausymdağy No. 156-NQ būiryğy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012660/links (ötınış berılgen kün: 08.07.2025) (In Kazakh).

13 Seitbekova G.A., Auelbekova A.Ü., Azımbai K.E. (2024) Su resurstarynyñ ekologialyq jağdaiy // European Research Materials. No. 6. P. 344–345. (In Kazakh).

14 Richards T., Gibson R. (2019) Dam safety management: international practices and future challenges // Journal of Flood Risk Management. No. 12 (S1). P. e12531. (In English).

15 Zarfl C., Lumsdon A.E., Berlekamp J., Tydecks L., Tockner K. (2015) A global boom in hydropower dam construction // Aquatic Sciences. No. 77. P. 161–170. (In English).

16 Kusmambetov K.D. (2019) Opyt upravlenija vodnymi resursami v Evropejskom sojuze // Nauka i zhizn' Kazahstana. No. 7/1. P. 560–562. (In Russian).

17 Bekov K.A., Vartanjan A.M. (2023) Pravovye osnovy Vodnogo kodeksa Respubliki Kazahstan // Eurasian Scientific Journal of Law. No. 4(5). P. 7–18. (In Russian).

ТЕЛЕУЕВ Г.Б.,*[1]
PhD, преподаватель-лектор.
*e-mail: galim200385@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-9575-5278
ТАНАТБАЕВА Ж.Е.,[1]
докторант.
e-mail: tanatbayeva@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-9575-5536
НАРЗУЛЛАЕВ О.Х.,[2]
д.ю.н.
e-mail: olimnarzullayev@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-2145-6846
[1]Жетысуский университет им. И. Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан
[2]Ташкентский государственный
юридический университет,
г. Ташкент, Узбекистан

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВИЛ ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ЭКСПЛУАТАЦИИ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассматриваются принципы государственно правового регулирования эксплуатации гидротехнических сооружений в Республике Казахстан. В ходе исследования уделено внимание актуальным проблемам водохозяйственной отрасли: зависимости от трансграничных рек, износу существующей инфраструктуры, недостаточному уровню цифровизации государственного управления водными ресурсами и усиливающемуся воздействию климатических изменений. Проведены исследования актуальных вопросов государственной охраны водных ресурсов в обеспечении экологической безопасности. В рамках исследования представляет интерес оценка безопасности гидротехнических сооружений, состояния и соответствия деятельности работников эксплуатирующих организаций требованиям и принципам законодательства в области обеспечения безопасности гидротехнических сооружений. Кроме того, обеспечение безопасности гидротехнических сооружений означает разработку и реализацию мер по предотвращению аварий на них. При анализе исследования в сфере экологической безопасности проведено сравнительное изучение международных стандартов и принципов в области экологической безопасности гидротехнических сооружений. Авторы, исследуя международные правовые акты, регулирующие деятельность гидротехнических сооружений, предлагают фундаментальные положения, которые должны быть положены в основу обеспечения экологической безопасности.

Ключевые слова: гидротехнические объекты, правовое регулирование, экологическая безопасность, трансграничное сотрудничество, адаптация к климатическим изменениям.

TELEUYEV G.B.,*[1]
PhD, teaching lecture.
*e-mail: galim200385@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-9575-5278
TANATBAYEVA Zh.E.,[1]
PhD candidate.
e-mail: tanatbayeva@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-9575-5536
NARZULLAEV O.Kh.,[2]
d.l.s.
e-mail: olimnarzullayev@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-2145-6846
[1]Zhetysu University named
after Ilyas Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan
[2]Tashkent State University of Law,
Tashkent, Uzbekistan

SOME ISSUES OF THE RULES OF STATE LEGAL REGULATION OF THE OPERATION OF HYDRAULIC STRUCTURES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article examines the issues of state and legal principles governing the operation of hydraulic structures in the Republic of Kazakhstan. The study focuses on current challenges in the water management sector, including dependence on transboundary rivers, the deterioration of existing infrastructure, insufficient digitalization in state water resource management, and the growing impact of climate change. Research has been conducted on urgent problems of state protection of water resources in ensuring environmental safety. Within the framework of the study, particular attention is given to assessing the safety of hydraulic structures, their technical condition, and the compliance of personnel in operating organizations with the requirements and principles established in legislation on the safety of hydraulic structures. Furthermore, ensuring the safety of hydraulic structures implies the development and implementation of measures aimed at preventing accidents at such facilities. By analyzing research in the field of environmental safety, a comparative study of international standards and principles concerning the environmental security of hydraulic structures has been carried out. The authors, while examining international legal acts regulating the operation of hydraulic structures, propose fundamental provisions that should serve as guiding principles for ensuring environmental safety.

Keywords: hydraulic engineering facilities, legal regulation, environmental safety, cross-border cooperation, adaptation to climate change.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 28.10.2025

МРНТИ 10.07.00
УДК 34.15
JEL K10

https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-4-53-63

БАЙСЕЙТОВ Б.Б.,*[1]
докторант.
*e-mail: 24251147@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0002-7854-322X
АЛДАБЕРГЕНОВА Н.А.,[1]
к.ю.н., профессор.
e-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0001-7384-3664
[1]Университет «Туран»,
г. Алматы, Казахстан

ПРАВОВЫЕ ИСТОЧНИКИ ВОЕННОЙ ВЛАСТИ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

Статья посвящена исследованию правовых источников военной власти в традиционном казахском обществе. Автор рассматривает зарождение военных норм в эпоху гуннов, усуней и тюрков, их систематизацию в своде законов Чингисхана «Яса», а также дальнейшее развитие в период Казахского ханства при Касым хане, Есим хане и Тауке хане. Цель исследования – выявить основные направления формирования и развития нормативных оснований военной власти на государственном уровне. Главная идея работы заключается в том, что военные нормы были ключевым правовым инструментом обеспечения стабильности, обороноспособности и внутреннего порядка кочевого общества. Научная и практическая значимость исследования определяется тем, что оно раскрывает роль военных норм в формировании ранней казахской государственности, укреплении дисциплины, а также в регулировании внутренней и внешней политики. Методология основана на историко-сравнительном анализе, изучении письменных источников и обычного права. Ключевые результаты: военная дисциплина была закреплена законодательно; за ее нарушение применялись тяжкие наказания; правовые нормы системно эволюционировали – от строгих положений к частичному смягчению во времена Тауке хана. Ценность исследования – в раскрытии правовой природы военных норм и их вклада в развитие казахской правовой культуры. Практическая значимость – возможность использования выводов при изучении истории национального права и развитии современных военных институтов.

Ключевые слова: власть, право, закон, обычай, дисциплина, хан, правовые источники.

Введение

Правовые источники военной власти в кочевом казахском обществе восходят к древним эпохам. Уже в ранние периоды формировались нормативные требования к организации и осуществлению военной власти, что позволяет говорить о наличии определенной системы. Цель исследования – показать нормативный характер военной власти на государственном уровне.

Прежде всего необходимо рассмотреть правовые основания военной власти. В юридической науке «правовые источники» понимаются в широком и узком смыслах: в широком – как совокупность факторов, порождающих правовые нормы, включая развитие экономических отношений, социальные потребности и формирование правовых требований.

Институт биев сохранял функции арбитража и регулирования конфликтов, обеспечивая легитимацию власти через опору на обычай и прецеденты [1]. Выбор темы обусловлен ее научной и практической значимостью. Источники военной власти в традиционном казахском обществе формировались на стыке кочевой государственности, родоплеменных отношений и военно-организационных практик, восходящих к гуннским, усуньским и тюркским объединениям. Позднее они были систематизированы в «Жасе» Чингисхана и переосмыслены в Казахском ханстве в сводах «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» и «Жеті жарғы». Несмотря на значительный исследовательский материал о военной организации, комплексных

работ о правовой природе военной власти, структуре норм и дисциплинарных механизмах пока недостаточно.

Актуальность исследования определяется тем, что анализ правовой природы военной власти кочевых обществ позволяет глубже понять генезис казахской государственности и истоки современных институтов обороны. Исследователи подчеркивают, что адат и законодательные установления ханов функционировали как взаимодополняющие источники, определяя дисциплину, ответственность и поддержание порядка [2]. Правовые установления номадов обеспечивали управление войском, дисциплину, ответственность и поддержание внутреннего порядка, что делает их значимыми как для историко-правовой науки, так и для современных исследований в сфере безопасности.

Объект исследования – правовая регламентация военной власти в традиционном казахском обществе и предшествующих тюрко-кочевых образованиях. Предмет – нормы и источники права («Жаса», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» и др.), регулирующие военную власть, иерархию, дисциплину и ответственность. Цель – выявить закономерности формирования и эволюции правовых основ военной власти и их роль в развитии казахской государственности.

Для достижения цели ставятся задачи: проследить генезис военных норм, реконструировать систему дисциплинарной ответственности, определить преемственность между сводами норм, выявить тенденции смягчения санкций в эпоху Тәуке хана и оценить вклад этих норм в правовую культуру. Методы исследования – историко-сравнительный, формально-юридический, источниковедческий и элементы контент-анализа.

Предполагается, что нормы военной власти ранних кочевых кодексов создали правовую матрицу, обеспечившую устойчивость власти и мобилизационную готовность, а в период Казахского ханства эволюционировали в сторону системности и частичного смягчения санкций. Практическая значимость работы состоит в возможности применения ее результатов в учебных курсах по истории государства и права и военному праву, а также при реконструкции правовых институтов и популяризации правового наследия.

Материалы и методы

Цель данной части – оценить надежность примененных методов исследования и их влияние на достоверность результатов. Исследование основано на анализе корпуса источников: текстов и реконструкций «Жасы» Чингисхана, казахских сводов норм («Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы»), исторических хроник, этнографических описаний и научных трудов по истории права кочевых обществ. Дополнительно использованы данные устно-поэтической традиции для сопоставления фрагментарных правовых предписаний.

Примененный комплекс методов включал историко-сравнительный метод, формально-юридический анализ, источниковедческую критику, анализ и синтез, индукцию и дедукцию. Историко-сравнительный метод выявил преемственность и эволюцию правовых норм между «Жасой» и казахскими сводами. Формально-юридический анализ позволил реконструировать структуру военной власти, обязанности, санкции и дисциплинарные требования. Источниковедческая критика оценила достоверность материалов, их происхождение, хронологию и возможные поздние редакции. Анализ и синтез, индукция и дедукция обеспечили переход от отдельных текстовых фрагментов к целостной модели нормативных установлений.

Процесс исследования включал формирование корпуса материалов, их критическую оценку, кодирование и систематизацию норм по тематическим категориям, сравнение и сопоставление, интерпретацию данных и валидацию результатов через альтернативные источники. Использование нескольких подходов обеспечило triangulation и повысило достоверность результатов: сопоставление текстов различных периодов выявило устойчивые нормы военной власти и проследило их трансформацию. Ограничения связаны с фрагментарностью источников и поздними записями отдельных предписаний.

Таким образом, совокупность методов обеспечила комплексный анализ и создала надежную основу для реконструкции правовых основ военной власти в традиционном казахском обществе.

Результаты и обсуждение

В особом значении правовыми источниками называют форму жизни, официальный вид правовых норм [3, с. 70–71]. Отечественный известный ученый З.Ж. Кенжалиев, говоря о наличии форм официальных и неофициальных норм казахского обычного права, дает их классификацию: «Власть биев, указы ханов, дороги, указы, правила были официальными формами жизни правовых норм кочевников. В неофициальной форме обычные нормы предстают в виде завета, благословения, образцового слова, пословиц, поговорок, афоризмов» [3, с. 75]. В ходе анализа правовых источников военной власти мы в основном полагаемся на эти взгляды.

В целом в традиционном казахском обществе законотворчество и управление государства законом издавна известное явление. Это доказывают найденные китайские сведения касательно государств на территории Казахстана. Так, в работе Thomas J. Barfield освещены важные вопросы о структуре власти и обычном праве кочевых народов Центральной Азии, в том числе тюркских племен [4, с. 100–150]. У тюрков существовали строгие законы. За бунт, измену, убийство без причины, прелюбодеяние и кражу лошади полагалась смертная казнь. За увечья в драке взыскивали компенсацию: за потерю глаза – дочь виновного или калым, за потерю конечности – штраф лошадью. За кражу ценных вещей требовалась десятикратная компенсация. Кочевая аристократия обладала наследственными военными функциями и статусом, что оформляло их политические привилегии [5].

Из норм законов тюркской эпохи мы видим наличие требований, присущих военному обществу. Предание смертной казни за кражу коня на привязи показывает, что готовность общества к внезапному натиску врага была нормативно закреплена.

Нам хорошо известно, что в истории казахов военные нормы носили правовой характер и были закреплены на государственном уровне. Повышение военных норм до государственного уровня, их упорядочение, превознесение связаны с именем Чингисхана. В «Ұлы Жаса» Чингисхана основное место занимает упорядочение, регулирование этих военных вопросов. М. Иванин, который изучал военное искусство Чингисхана, в своем труде говорил о следующих военных нормах закона «Жаса»: «Повеления хана отдавались состоявшими при нем чиновниками (вроде адъютантов) непосредственно темникам и начальникам племен, а от них уже переходили к подчиненным их. Строго запрещалось начальникам принимать к себе воинов, состоявших в ведомстве других начальников» [6, с. 44]. В действительности, Чингисхан требовал строгой военной дисциплины для сохранения и процветания Великой империи. В «Ұлы Жаса» Чингисхана следующие статьи доказывают наличие строгой военной дисциплины: «Перед походом или приготовлением к сражению делали смотр войскам, осматривали оружие и требуемые в походе вещи; неисправных наказывали; хорошим воинам в случае недостаточности давали пособие. Начальники в нужде не должны были обращаться ни к кому другому, кроме государя, в противном же случае подлежали смертной казни» [6, с. 45]. Позже старались придерживаться строгих военных требований и правители Средней Азии. Э. Хара-Даван в своем труде старался доказать, что закрепленные в «Ұлы Жаса» нормы военной дисциплины сохранились и в эпоху Амира Темира: «Закон Чингис-хана, повелевавший перед выступлением в поход или перед сражением осматривать войска, их оружие и вообще все, что воины должны были иметь с собою, Тамерлан соблюдал во всей строгости» [7, с. 189]. Э. Хара-Даван в своем труде, посвященном Чингисхану, раскрывая значение его военных правил, доказал, что особенности военной организации войска Амира Темира упираются на требования Чингисхана. Например, он писал: «При Чингис-хане и Тамерлане в военных действиях принимали участие мальчики, начиная с 12 или 13 лет, так как уже в этом возрасте они были отличными стрелками из лука и вполне пригодными для действий малой войны, для службы при обозе, при заводных лошадях и т.п. Но история показывает, что из кочевников можно было образовать не только легкую конницу, но и тяжелую и среднюю. Конницу эту не могли остановить ни горы, ни реки; она побеждала и превосходную пехоту янычар, и индийскую пехоту, поддерживаемую слонами, грегорианским огнем, ракетами, и тяжелое западное рыцарство. Эти конные войска, предводительствуемые Чингис-ханом и Тамерланом, переходили высокие горные хребты, леса и топи, и потому надобно признаться, что мысль о всемирном завоевании или преобладании никогда не была ближе к исполнению, как при этих завоевателях» [7, с. 196]. Все военные тре-

бования «Ұлы Жаса» Чингисхана Амир Темир дальше развивал в своих законах и заветах. Это доказывает мысль великого полководца, сказанная в переведенном И. Сапарбай с узбекского на казахский язык труде «Әмір Темір аманаты» («Наказ Амира Темира»): «Если соберутся десять военных человек с практическим жизненным опытом, один из них будет отличаться храбростью и смелостью, благословением остальных девяти человек, я отдаю приказ назначить его предводителем и называть его Десятником.

Если десять десятников объединятся, то пусть назначают Амиром одного из среди умелых, опытных, проявивших себя богатырем воина и будут называть его Стотысячником.

Если десять стотысячников объединятся, то пусть назначают Амиром одного из умного, смелого богатыря среди амиров и будут называть его Тысячником и Амиром бесчисленного войска.

